

Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі
«Төре балабақшасы» ЖШС

"Келісілді"

«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
Ақтөбе облысының білім басқармасының

менгерушісі
Барикова
2021ж
Бұйрығы



«Бекітілді»
«Төре балабақшасы» ЖШС

менгерушісі м.а.
Ф.Б.Жолдығасва



**2021-2022 о.ж. арналған
«Ертегілер әлемінде»
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Әзірлеушінің аты-жөні:
тәрбиешісі:

Сапарова Айсауле Абылхайыровна

Доң ауылы 2021жыл

Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімінің
әдістемелік кабинеті ұсынған.

Құрастырған: «Төре балабақшасының» тәрбиешісі
Сапарова Айсауле Абылхайыровна

Пікір беруші:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы «Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
әдістемелік кабинет меңгерушісі Барикова Гульжаз Советовна

Кенес беруші:

Дөң ауылы «Төре балабақшасы» ЖШС меңгеруші м.у.а
Жолдыбаева Бакитгуль Фазылбековна

Аудандық сараптау комиссиясының отырысында қаралды:

Хаттама № 1 « » 08 » 2021 ж.

Сараптау комиссиясы төрағасы Барикова Г. С
(қолы) (аты, әкесінің аты, тегі)

«Төре балабақшасы» ЖШС-нің педагогикалық кенес отырысында
талқыланды

Хаттама № 1 «31» 08 » 2021ж.

Меңгеруші м.у.а Жолдыбаева

Жолдыбаева.Б.Ф

Төре балабақшасы» ЖШС
«Айгөлек» ересек тобына арналған
«Ертегілер әлемінде» тақырыбында авторлық бағдарлама»

Мақсаты:

Бала мен ата - ана арасындағы арақашықтықты жақындату; Бала мен ата - ананың бір - біріне деген ішкі байланысты бекітуге мүмкіндік беру; Баланың рухани жан дүниесін байыту; Балаға өмірдің құндылығын түсіндіру; Өмірде орын алатын әртүрлі жағдайларға көзқарасын қалыптастыру; Еңбексүйгіштік, адамгершілік қасиеттеріне тәрбиелеу. Жаксы әдеттерге үйрету.

Міндеттері:

Балаларды қазақша амандасып, қарапайым сұраққа жауап беру ге үйрету
Балалардың отбасыға деген сүйіспеншілігін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру,
Балаларды әдептілікке , инабаттылыққа, шыдамдылыққа,сыйласымдыққа тәрбиелеу.
Өзін-өзі тануға қызығушылықтарын арттыру. Өзін және өзгелерді тануға тәрбиелеу.
Балалардың тапқырлықпен байланыстырып сөйлеуге үйрету,әңгімелеу.

Күтілетін нәтиже:

Балалардың өз ойын жеткізе білуге бейімдеу
Сөзден сөйлем құрап айтуларын қалыптастыру
Қазақ халқының дәстүрін, салтын, мәдениетін, әдет-ғұрпын үйрене отырып, бойларына сіңіру.
Адам жүріс-тұрысының ерекшеліктерін бағалауға үйрету
Қоршаған ортаның жан-жақтылығы жайлы түсініктерін көркем туындылар, мамандық арқылы кеңейту.

Бағдарламаға қатысушы топ: ересек «Айгөлек» тобы

Бағдарламаның жүзеге асыру мерзімі: 1 жыл

Бағдарламаға қатысушылар жасы: 5-6 жас

Түсінік хат

«Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін ертегіден алады»-дейді Ы.Алтынсарин. Расыменде бала тәрбиесінде ертегінің атқарар ролі үлкен.

Ертегілерді ықылым заманнан бері тәрбие құралы ретінде қазақ халқы ғана емес, барлық ұлт, бүкіл ел қолданып келеді. Ал ертегіні балаға оқудың пайдасын айтар болсақ: ол бала мен ата-ана арасындағы «арақашықтықты» жақындатады, бала мен ата-ананың бір-біріне деген байланысын бекітуге мүмкіндік береді, баланың рухани жан дүниесін байытады, сонымен қатар еңбексүйгіштік, адамгершілік қасиеттеріне тәрбиелейді.

Психологтардың айтуынша, ертегі тыңдамаған баланың тілі кеш шығады, өзі жасқаншақ болып өседі. Негізінен ертегіні баланы ұйықтату үшін емес, тәрбиелеу үшін қолданған жөн. Мысалы, баланы тазалыққа, ойыншықтарын жинауға, тісін тазалауға үйрету үшін, оған Жалқаубек туралы ертегі, ал оның өтірік сөйлегенін байқасаңыз, онда айлакер түлкіден достарының теріс айналғаны және т.б. осы секілді ертегілерді айтуға болады. Өзіне сенімсіз, агрессивті балаларға сенімділігін күшейтетін, қайырымдылыққа баулитын ертегілерді айту керек.

Балаға ұйықтар алдында ертегі айтып беру дәстүрі бала үшін де, өзіңіз үшін де пайдалы деп жатады. Неліктен? Ғалымдардың зерттеу нәтижелері бойынша, балаға ұйықтар алдында 15 минут бойы ертегі айтып берсеңіз, балаңыз тәрбиелі, ашық, батыл, ақыл тыңдайтын, ұқыпты болып өседі. Әрине «бос сөз» деп санауыңыз мүмкін, ал негізінде ол ертегі оқымаудың сылтауы ғана. Ертегіні тыңдап болғаннан кейін оны талқыласаңыз, баланың өз бетімен оқуға ынтасы пайда болады. Әрі ойлау қабілеті дамып, сөздік қоры арта түспек.

Ертегі – баланың тілін жаттықтырады. Ертегі кейіпкерлерінің басынан өтетін оқиғалары арқылы бала күнделікті өмірінде болып жатқан оқиғаларды талдай білуді және әлемді түсінуді үйренеді. Ертегілік әлем түсінуге жеңіл: жақсы мен жаманның арасы анық. Сонымен қатар баланың ойлау қабілетінде маңызды нәрселер де көрініс табады. Яғни, жомарттылық пен сарандық, жақсылық пен жамандық, менмендік пен бауырмалдық деген мәселелер көтеріліп, негізгі идея ретінде баяндалады. Балалар өздерін ертегі кейіпкерлеріне теңеп, соларға еліктейді. Өзіне ұқсас кейіпкерді, бейсаналы түрде таңдап, соның әрекеттерін қайталауға тырысады. Жалпы ертегілер тәрбиенің негізгі құралы болғандықтан, оқитын ертегіні таңдауда мұқият болған абзал.

Ертегі оқу – баланы тыныштандырып, позитивке бағыттаудың әдісі. Бала ешуақытта негативті көңіл-күйде ұйықтамауы керек. Ертегінің соңы жақсы аяқталуы керек екенін де ескеріңіз. Ертегіде жақсылық жамандықты жеңіп, бас кейіпкер батыр атанып, бәрі өз орнына келеді. Бұл баланы өмірде бәрі жақсы болатынына, позитивті ойлауға дағдыландырады. Бұл бала үшін өте маңызды екенін ұмытпағайсыз. Ертегі арқылы ақыл-ой және дене еңбегінің барлық түрлерінде, баланы болашақта қоғамдық іс-әрекетке даярлауда, оның сезімдік қабілетін дамыту қажет. Сондықтан да күнделікті сабақ барысында ертегіні пайдаланар болсақ, баланың мінез-құлқына, сезімталдығына әсер етіп, дұрыс тәрбиелеуге үлес қосамыз.

«Ертегілер әлемінде» вариативтік сабақ жоспары

Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
Бақша ағаштары	Ертегі тыңдап, оқиганың өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету	
Мақта қыз бен мысық	Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету. Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.	
Күншік пен мысық	Ертегі мұқият тыңдай білуге, өз түсініктері бойынша айта білуге үйрету. сөздік қорларын молайту, тілдерін дамыту. Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу.	
Түлкі мен тырна	Ертегі тыңдап, оқиганың өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету.	
Қызыл телпек	Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту. Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу. Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру	
Дос іздеген бота	Балалардың әңгіме желісіне байланысты сөлей алуға. Суретке қарап әңгіме айтуға үйрету. ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Өдепті болуға үйрету.	
Алтын балта	Балаларға алтын балта ертегісімен таныстыру. Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету. Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.	
Мақтаншак қоян	Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту. Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу. Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру.	
Түлкі мен ешкі	Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту. Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелу. Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру	
Әдеп	Сабақ барысында балалардың әңгіме желісіне байланысты сөлей алуға. Суретке қарап әңгіме айтуға үйрету. ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Өдепті болуға үйрету.	
Тышканның өсиеті	Ертегі мазмұнын толық білуге үйрету. Балалардың тілін, ой-қиялын, сөздік қорын дамыту. Достық қарым-қатынасқа, қамқорлыққа тәрбиелеу.	
Үш аю	Балаларды ертегі желісіне айланысты суреттерді орналастыруды үйрету. Ертегі желісі туралы түсініктерірін артыру. Ертегі желісін түсініп тыңдай білуге тәрбиелеу	
Мақтаншак бақа	Ертегі мазмұнын толық білуге үйрету. Балалардың тілін, ой-қиялын, сөздік қорын дамыту. Достық қарым-қатынасқа, қамқорлыққа тәрбиелеу.	
Бір уыс мақта	Мақта туралы білімін арттыру. Есте сақтау қабілетін дамыту. Кез келген затты ысырап жасамай пайдаға жарғу, ... әрқашанда көмектесе біледі.	

Күн, ай және әтеш	Ертегіні тыңдай білуге, өз түсінгенін ойын жеткізе білуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу, баулу, жаман қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.	
Құмырсқаның серуені	Балалар халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы артыру. Балалардың ойлау қабілетін, есте сақтау қабілетін дамыту. Адамгершілікке, үлкенді тыңдай білуге тәрбиелеу.	
Үш торай	Үш торай туралы білімдерін толықтыру. ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту. адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу	
Жеті лақ	Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету. Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.	

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ақадықова Б. "1001 мақал". // Қазақстан мектебі. 2003ж, №7.
2. Арғынбаев Х. "Қазақ отбасы". -Алматы: "Қайнар", 1996ж.
3. Асарбаева А. Ұлттық ойындар — халық педагогикасының құрамдас бөлігі. // Ұлт тағылымы. 2002ж. №2.
4. Әбдіқадырова Г. Халықтық педагогиканың мәні зор. //Қазақстан мектебі. 2003ж., №8.
5. Әбілова З., Қалиева Қ. "Этнопедагогика". Алматы, 1999ж.
6. Әбуова А. Жаңылтпаштар — тіл дамыту~құралы// Бастауыш мектеп. 2003ж.
7. Нұрғанова З. Ертегілер еліне саяхат. // Бастауыш мектеп. 2002 ж. №10.
8. Сағындықов Е. "Қазақтың ұлттық ойындары". -Алматы: "Рауан", 1994ж.
9. Сауранбаева Н. "Ұлттық әдет-ғұрыптар туралы". -Алматы, 1968ж.
10. Табылдиев Ә. "Халық тағылымы". -Алматы: Қазақ университеті, 1992ж. '
11. Табылдиев Ә. "700 жұмбақ". -Алматы: "Жалын", 1985ж.
12. Табылдиев Ә. "Қазақ этнопедагогикасы". -Алматы: "Санат", 2001ж.
12. Төлебекова Р. "Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика". —Алматы, 1994ж.
13. Ұзақбаева С. "Тамыры терең тәрбие". —Алматы: "Білім", 1995ж.
14. Ұзақбаева С. "Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрлері". —Алматы: "Білім", 1990ж.